

Көрсетілетін төлем қызметтері туралы мәліметтер беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 213 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 19 қазанда № 14339 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

"Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы" ҚР Президентінің 15.03.2020 № 285 Жарлығымен енгізілген төтенше жағдай қолданылу кезеңінде есептіліктің жекелеген түрлерін ұсыну мерзімдері ұзартылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.03.2020 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 6-т. қараңыз

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 52-5) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.11.2022 № 96 (01.04.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Көрсетілетін төлем қызметтері туралы мәліметтер беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

3. Төлем жүйелері департаменті (Ашықбеков Е.Т.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ғ.О. Пірматовқа жүктелсін.

6. Осы қаулы ресми жариялануға тиіс және:

1) 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Қағидалардың 19-тармағын және Қағидаларға 13-қосымшаны;

2) 2016 жылғы 1 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілетін және 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылатын Қағидалардың 20-тармағын және Қағидаларға 14-қосымшаны;

3) осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілетін Қағидалардың 21-тармағын және Қағидаларға 15-қосымшаны қоспағанда, 2017 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ұлттық Банк
Төрағасы*

Д. Ақышев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитетінің төрағасы
_____ Н. Айдапкелов

2016 жылғы 13 қыркүйек

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2016 жылғы 31 тамыздағы
№ 213 қаулысымен
бекітілген

Көрсетілетін төлем қызметтері туралы мәліметтер беру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Көрсетілетін төлем қызметтері туралы мәліметтер беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы", "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" және "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" (бұдан әрі – Төлемдер және төлем жүйелері туралы заң) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.11.2022 № 96 (01.04.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Қағидалар көрсетілетін төлем қызметтері туралы мәліметтерді (бұдан әрі – мәліметтер) беру тәртібін айқындайды.

3. Қағидаларда "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы", "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында, Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңда, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14299 болып тіркелген "Төлем карточкаларын шығару қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында оларды пайдалана отырып жүргізілген операцияларға қызмет көрсету бойынша қызметке қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 205 қаулысымен бекітілген Төлем карточкаларын шығару қағидаларында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында оларды пайдалана отырып жүргізілген операцияларға қызмет көрсету бойынша қызметке қойылатын талаптарда көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) алаяқтық операциялар – электрондық терминалдар, қашықтан қол жеткізу жүйелері, ақша аударымдары жүйелері арқылы, банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының үй-жайларында, оның ішінде төлем карточкасын және (немесе) оның деректемелерін пайдалана отырып жүзеге асырылған заңсыз қолма-қол ақшасыз төлемдер, ақша аударымдары және (немесе) қолма-қол ақша беру бойынша операциялар;

2) банктік киоск – банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның ақпараттық жүйесіне қосылу арқылы немесе интернет-ресурсына кіру арқылы өзіне өзі қызмет көрсету режимінде электрондық банктік қызметті (оның ішінде төлем карточкаларын пайдалана отырып, қолма-қол ақша беру (қабылдау) операцияларын, төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын, валюталарды конвертациялауды және банк операцияларының өзге түрлерін жүргізуді қоса алғанда) алуға, сондай-ақ тиісті операцияларды жүргізу фактісін растайтын құжаттарды жасауға арналған электрондық-механикалық құрылғы;

3) басқа банктің қызмет көрсету желісі – кез келген басқа банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының, кез келген басқа банк

операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның иелігіндегі және электрондық банктік қызметтерді көрсету кезінде пайдаланылатын электрондық-механикалық құрылғылардың жиынтығы;

4) виртуалдық төлем карточкасы – электрондық түрде шығарылатын және төлем карточкасының деректемелерінен тұратын, оны ұстаушыға төлемдерді интернет желісі арқылы жүзеге асыруға мүмкіндік беретін төлем карточкасы;

5) интернет-банкинг – КьюР-нұсқаулар (QR-нұсқаулар) арқылы жүргізілген төлемдерді қоспағанда, банктің веб-интерфейсі арқылы жүргізілген төлемдер мен ақша аударымдары;

6) интернет-эквайринг – интернет желісі арқылы төлем карточкасын пайдалана отырып, төлемді қабылдауды және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыруға байланысты эквайердің қызметі;

7) кредиттік лимиті бар дебеттік төлем карточкасы – төлем карточкасын беру және қызмет көрсету шартына сәйкес не төлем карточкасын ұстаушының өтініші бойынша эмитент берген қарыз сомасы шегінде төлемдерді жүзеге асыру мүмкіндігі берілетін дебеттік төлем карточкасы;

8) корпоративтік төлем карточкасы – заңды тұлғаның шотына байланыстырылған және компанияның негізгі қызметіне байланысты шығыстарды, оның ішінде жүкқұжаттарды, өкілдік, көлік және іссапар шығыстарын төлеуге арналған банк картасы;

9) КьюР-нұсқау (QR-нұсқау) – төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру үшін төлем қызметтерін беруші немесе төлем жүйесінің операторы беретін штрих код (технология);

10) қосымша төлем карточкасы – клиенттің сенім білдірілген адамының атына эмиссияланған төлем карточкасы;

11) меншікті қызмет көрсету желісі – банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның иелігіндегі және электрондық банктік қызметтерді көрсету кезінде пайдаланылатын электрондық-механикалық құрылғылардың жиынтығы;

12) мобильді ПОС-терминал (POS-терминал) – төлем карточкасын пайдалана отырып төлемдерді қабылдауға арналған, мобильді құрылғыда орнатылған бағдарламалық қамтамасыз ету және (немесе) мобильді құрылғыға қосылатын қосымша құрылғы;

13) негізгі төлем карточкасы – ұстаушысы клиент болып табылатын төлем карточкасы;

14) ПОС-терминал (POS-терминал) – төлем карточкаларын пайдалану және банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның ақпараттық жүйесімен қосылу арқылы тауарлар немесе қызмет көрсету үшін ақы төлеу, оның ішінде ПОС-терминал (

POS-терминал) орнатылған банкке, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкінің филиалына, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға төлеу, сондай-ақ қолма-қол ақша беру жүзеге асырылатын электрондық-механикалық құрылғы немесе бағдарламалық қамтылым;

15) процессинг орталығы – төлем карточкаларымен операциялар бойынша процессингті және төлем карточкалары жүйесінің қатысушыларымен жасалған шарттарда көзделген өзге функцияларды жүзеге асыратын оператор;

16) сауда нүктесі – тауарлар және (немесе) қызмет көрсету үшін қолма-қол ақшасыз ақы төлеуді жүзеге асыру үшін орнатылған ПОС-терминалдың (POS-терминалдың) және (немесе) өзге құрылғының орналасқан жері;

17) стационарлық ПОС-терминал (POS – терминал) – төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдерді қабылдауға арналған және тауарлар мен қызмет көрсету үшін ақы төлеуді қабылдау үшін сауда және сервис кәсіпорындарында (дара кәсіпкерлер немесе заңды тұлғалар), сондай-ақ төлемдерді қабылдау және қолма-қол ақша беру үшін банкте, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалында және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда орнатылған физикалық жабдық (құрылғы);

18) төлем терминалы – төлемдер жүргізуге және қолма-қол ақша енгізу арқылы банктік шотқа ақшаны есепке алуға, өзіне өзі қызмет көрсету режимінде ақпараттық банктік қызметтерді алуға, сондай-ақ тиісті операцияларды жүргізу фактісін растайтын құжаттарды жасауға арналған электрондық-механикалық құрылғы.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.11.2022 № 96 (01.04.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4-тармақ жаңа редакцияда көзделген – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.02.2025 № 6 (01.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Мәліметтер Ұлттық Банкке электрондық тәсілмен Ұлттық Банк белгілеген ақпарат беру форматтарымен ұсынылады.

Төлем ұйымдары Қағидалардың 7, 13, 21 және 22-тармақтарында көзделген мәліметтерді Ұлттық Банкке электрондық тәсілмен ұсынады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.11.2022 № 96 (01.04.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Операция шетел валютасымен жүргізілген кезде ол бойынша Мәліметтер операция жүргізу күнгі валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша теңгеге қайта есептеліп ұсынылады.

Валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8378 тіркелген "Валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау және қолдану тәртібін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15

қаулысына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы 99 бұйрығына сәйкес айқындалады.

6. Егер Қағидаларда көзделген әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандар бойынша Мәліметтер ұсыну мерзімі жұмыс істемейтін күнге дәл келсе, Мәліметтерді ұсыну мерзімінің аяқталу күні келесі жұмыс күні болып саналады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.07.2020 № 90 (01.08.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-тарау. Мәліметтерді ұсыну тәртібі

7. Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған "Электрондық терминалдардың саны туралы мәліметтер" нысаны, тоқсан сайын, есепті айдан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей мына тұлғалар ұсынады:

1) екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдары және "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы, бас банктің төлемдер мен ақша аударымдарын, оның ішінде еншілес банктің корреспонденттік шотын пайдалана отырып депозиторлардың бас банкке "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Банктер және банк қызметі туралы заң) 61-4-бабына сәйкес берілген банктік шоттар бойынша жүзеге асыруымен байланысты аударым операцияларын Ұлттық Банктің лицензиясынсыз жүзеге асыратын, бұрын еншілес банк болған заңды тұлға, бас банк және Банктер және банк қызметі туралы заңның 61-2 және 61-4-баптарына сәйкес оған қатысты қайта құрылымдау жүргізілген еншілес банк, қосылатын банк, сондай-ақ Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес оған қосылу жүзеге асырылатын банк (бұдан әрі – банктер);

2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар;

3) төлем ұйымдары.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2019 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 21.11.2022 № 96 (01.04.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

8. Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған "Төлем карточкалары бойынша мәліметтер" нысаны, ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей мына тұлғалар ұсынады:

1) банктер;

2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

9. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.11.2022 № 96 (01.04.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған "Төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер" нысанын есепті айдан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей, ай сайын мына тұлғалар ұсынады:

1) банктер;

2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған " Өңірлер бөлігінде төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер" нысанын есепті айдан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей, ай сайын мына тұлғалар:

1) банктер;

2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар ұсынады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.11.2022 № 96 (01.04.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

13-тармақты алып тастау көзделген – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.02.2025 № 6 (01.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған " Алаяқтық операциялардың көлемі туралы мәліметтер" нысаны, тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей мына тұлғалар ұсынады:

1) банктер;

2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар;

3) төлем ұйымдары.

14. Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған " Процессинг орталығы және басқа банктермен өзара іс-әрекеті туралы мәліметтер" нысаны, осы нысан талаптарының бірі өзгерген күннен бастап он жұмыс күні ішінде мына тұлғалар ұсынады:

1) банктер;

2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

15. Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған " Электрондық ақша эмитенті агенттерінің және қосалқы агенттерінің және электрондық

ақша иелерінің саны туралы мәліметтер" нысаны, тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей мына тұлғалар ұсынады:

- 1) банктер;
- 2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

16. Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған "Электрондық ақшаны пайдалана отырып жүргізілген операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер" нысаны, тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей мына тұлғалар ұсынады:

- 1) банктер;
- 2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

17. Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған "Айналыстағы электрондық ақшаның саны туралы және электрондық ақшаны шығару мен өтеу бойынша операциялардың саны және көлемі туралы мәліметтер" нысаны, тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей мына тұлғалар ұсынады:

- 1) банктер;
- 2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

18. Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған "Электрондық ақша эмитенті агенттерінің және қосалқы агенттерінің электрондық ақшаны иемдену және өткізу бойынша операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер" нысаны, тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей мына тұлғалар ұсынады:

- 1) банктер;
- 2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

19. Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған "Банктік шотты пайдалана отырып және пайдаланбай төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын қабылдау мен жүзеге асыру жөніндегі мәліметтер" нысаны, ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың он бесінші (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей мына тұлғалар ұсынады:

- 1) банктер;
- 2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар;
- 3) пошталық ақша аударымдарын жүзеге асыратын пошта операторлары.

20. Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған "Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарына сәйкес төлемдер бойынша мәліметтер" нысанын:

1) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жетінші (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны";

2) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың он бесінші (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей екінші деңгейдегі банктер, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы, Ұлттық пошта операторы, бас банктің төлемдер мен ақша аударымдарын, оның ішінде еншілес банктің корреспонденттік шотын пайдалана отырып депозиторлардың бас банкке Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес берілген банктік шоттар бойынша жүзеге асыруымен байланысты аударым операцияларын Ұлттық Банктің лицензиясынсыз жүзеге асыратын, бұрын еншілес банк болған заңды тұлға;

3) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жиырма бірінші (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей бас банк және Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес қайта құрылымдау жүргізілген еншілес банк, қосылатын банк, сондай-ақ Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес қосылу жүзеге асырылатын банк ұсынады.

21. Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған "Төлем ұйымдары жүзеге асыратын операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер" нысаны, тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей Ұлттық Банкте есептік тіркеуден өткен төлем ұйымдары ұсынады.

22. Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бағытында қабылданған шаралар бойынша мәлімет" нысанын жартыжылдық негізде есепті жарты жылдықтан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей Ұлттық Банкте есептік тіркеуден өткен төлем ұйымдары ұсынады.

Ескерту. Қағида 22-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.07.2020 № 90 (01.08.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2-тарауды 23, 24 және 25-тармақтармен толықтыру көзделген – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.02.2025 № 6 (01.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Көрсетілетін төлем қызметтері
туралы мәліметтер беру
қағидаларына
1-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Электрондық терминалдардың саны туралы мәліметтер

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.11.2022 № 96 (01.04.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі

Атырау облысы									
Шығыс Қазақстан облысы									
Жамбыл облысы									
Батыс Қазақстан облысы									
Қарағанды облысы									
Қостанай облысы									
Қызылорда облысы									
Маңғыстау облысы									
Павлодар облысы									
Солтүстік Қазақстан облысы									
Түркістан облысы									
Абай облысы									
Ұлытау облысы									
Жетісу облысы									
Алматы қаласы									
Астана қаласы									
Шымкент қаласы									

кестенің жалғасы

Банкоматтар саны (бірлік)			Төлем терминалдарының саны (бірлік)	
колма-кол акша беру функциясы бар	колма-кол акша беру және қабылдау функциясы бар	оның ішінде, биометриялық	меншікті	Көрсетілетін төлем қызметтерін көрсету кезінде пайдаланылатын өзге төлем

		сәйкестендіру функциясы бар		терминалдарының саны
11	12	13	14	15

кестенің жалғасы

ПОС-терминалдар (POS-терминалдар) және (немесе) ақы төлеуге төлем карточкаларының қабылдауға арналған өзге жабдық орнатылған сауда нүктелерінің саны (бірлік)	Эквайермен төлем карточкаларының ұстаушыларға қызмет көрсету шартын жасаған кәсіпкерлердің саны (бірлік)	Оның ішінде, интернет-экайринг қызметтерін алуға шарттар жасасқан кәсіпкерлер саны	Интернетті және мобильді банкингіті пайдаланушылардың саны (бірлік)				
			барлық тіркелгені				
			Интернет-банкингіті пайдаланушылар		Мобильді қосымшаларды пайдаланушылар		
Барлығы	Жұмыс істеп тұрған	Барлығы	Жұмыс істеп тұрған				
16	17	18	19	20	21	22	23

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта _____

Орындаушы _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Күні 20__ жылғы "____" _____

Электрондық терминалдардың саны туралы мәліметтер нысанына қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме
Электрондық терминалдардың саны туралы мәліметтер (индексі:1-РК, кезеңділігі – тоқсан сайын) 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Электрондық терминалдардың саны туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 52-5) тармақшасына және "Төлемдер

және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды әр тоқсан сайын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер дайындайды және есепті кезеңнің соңында толтырады.

4. Нысанға бірінші басшы немесе ол қол қоюға уәкілеттік берген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндіру

5. Нысанның 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26 және 27-бағандарында көзделген мәліметтер облыстар, республикалық маңызы бар қала және астана бойынша есепті тоқсанның соңғы күні бойынша көрсетіледі.

6. 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9 және 10-бағандарда банктің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның немесе эквайермен төлем карточкаларын ұстаушыларға қызмет көрсету шартын жасасқан кәсіпкердің ПОС-терминалдарының (POS-терминалдарының) саны ПОС-терминалдарының (POS-терминалдарының) орналасқан жері және түрі бойынша бөліп көрсетіледі.

7. 3, 4, 5 және 6-бағандарда стационарлық ПОС-терминалдар (POS-терминалдар) саны көрсетіледі.

8. 7, 8, 9 және 10-бағандарда мобильді ПОС-терминалдар (POS-терминалдар) саны көрсетіледі.

9. 4 және 8-бағандарда есепті кезеңде операцияларды жүргізу үшін пайдаланылған істеп тұрған ПОС--терминалдардың (POS-терминалдардың) саны көрсетіледі.

10. 5 және 9-бағандарда байланыссыз НФС (NFC) технологиясын қолдайтын ПОС-терминалдардың (POS-терминалдардың) саны көрсетіледі.

11. 6 және 10-бағандарда төлемді жүргізуге КьюР-нұсқауларды (QR-нұсқауларды) қабылдау функциясын қолдайтын ПОС-терминалдардың (POS-терминалдардың) саны көрсетіледі.

12. 11 және 12-бағандарда функционалдық мүмкіндіктері бойынша бөлінген банкоматтар саны көрсетіледі.

13. 13-бағанда клиентті биометриялық сәйкестендіру арқылы қызмет көрсететін банкоматтар саны көрсетіледі.

14. 14-бағанда көрсетілетін төлем қызметтерін берушіге меншік құқығында тиесілі төлем терминалдарының саны көрсетіледі.

15. 15-бағанда көрсетілетін төлем қызметтерін беруші жалдайтын және көрсетілетін төлем қызметтерін көрсету кезінде пайдаланылатын төлем терминалдарының саны көрсетіледі.

16. 16-бағанда төлем карточкаларын қабылдауға арналған ПОС-терминалдар (POS-терминалдар) және (немесе) өзге жабдық орнатылған сауда нүктелерінің саны көрсетіледі

17. 17-бағанда эквайермен төлем карточкаларын ұстаушыларға қызмет көрсету шартын жасасқан кәсіпкерлердің саны көрсетіледі.

18. 18-бағанда интернет-эквайринг қызметтерін алуға шарт жасасқан кәсіпкерлердің саны көрсетіледі.

19. 19 және 21-бағандарда тіркелген интернет және мобильді банкинг пайдаланушыларының саны көрсетіледі.

20. 20 және 22-бағандарда есепті кезеңде жеке кабинетті пайдалана отырып, бір төлемнен артық ақша төлемін және (немесе) аударымын жүзеге асырған интернет және мобильді банкингті пайдаланушылардың саны көрсетіледі.

21. 23-бағанда клиенттердің жеке сәйкестендіру нөмірі бойынша салыстырып тексеру арқылы алынған бірегей пайдаланушылардың нақты саны көрсетіледі.

22. Өз қызметінде электронды терминалдарды пайдаланбайтын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер Нысанды бағандарын толтырмай жібереді.

Көрсетілетін төлем қызметтері
туралы мәліметтер беру
қағидаларына
2-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Төлем карточкалары бойынша мәліметтер

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.11.2022 № 96 (01.04.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 2-РК

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы _____ жағдай бойынша

Ақпарат ұсынатын тұлғалар тобы: төлем карточкаларының эмитенттері болып табылатын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер:

1) банктер;

2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

Павлодар облысы									
Солтүстік Қазақстан облысы									
Түркістан облысы									
Абай облысы									
Ұлытау облысы									
Жетісу облысы									
Алматы қаласы									
Астана қаласы									
Шымкент қаласы									
Қазақстан Республикасынан тыс жерде									

кестенің жалғасы

Пайдаланылатын жеке төлем карточкаларының саны (бірлік)				Айналыстағы пайдаланылатын виртуалды карточкалардың саны (бірлік)				Төлем карточкаларын ұстаушылардың саны (адам)	
дебеттік	кредиттік лимиті бар дебеттік	кредиттік	алдын ала төленген	дебеттік	кредиттік лимиті бар дебеттік	кредиттік	алдын ала төленген	жеке төлем карточкалары	виртуалды карточкалар
11	12	13	14	15	16	17	18	19	20

2-кесте

Облыстың, астананың, республикалық маңызы бар қаланың атауы	Төлем жүйелерінің саны	Төлем карточкаларын ұстаушылардың саны	
		Барлық жүйелер бойынша жиынтық мән	Төлем карточкаларының бірегей ұстаушыларының саны
1	2	3	4
Ақмола облысы			
Ақтөбе облысы			
Алматы облысы			
Атырау облысы			

Шығыс Қазақстан облысы			
Жамбыл облысы			
Батыс Қазақстан облысы			
Қарағанды облысы			
Қостанай облысы			
Қызылорда облысы			
Маңғыстау облысы			
Павлодар облысы			
Солтүстік Қазақстан облысы			
Түркістан облысы			
Абай облысы			
Ұлытау облысы			
Жетісу облысы			
Алматы қаласы			
Астана қаласы			
Шымкент қаласы			

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген тұлға

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Күні 20__ жылғы " ____ " _____

Төлем карточкалары бойынша
мәліметтер нысанына
қосымша

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме Төлем карточкалары бойынша мәліметтер (индексі:2-РК, кезеңділігі – ай сайын) 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Төлем карточкалары бойынша мәліметтер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 52-5) тармақшасына және "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды әр ай сайын төлем карточкаларының эмитенттері болып табылатын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер дайындайды және есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша толтырады.

4. Нысанға бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген тұлға және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыруды түсіндіру

1-кестеде:

5. 1-бағанда өңірлер мен республикалық маңызы бар қалалар бөлінісінде төлем карточкалары бойынша мәліметтер көрсетіледі.

"Қазақстан Республикасынан тыс жерде" деген жолда банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым шетелде таратқан төлем карточкалары бойынша мәліметтер көрсетіледі.

6. 2-бағанда мәліметтер ұсынудың автоматтандырылған ақпараттық жүйесіндегі тиісті анықтамалыққа сәйкес мәліметтер ұсынылатын төлем карточкасы жүйесінің атауы көрсетіледі.

7. 3, 4, 5 және 6-бағандарда негізгі және қосымша төлем карточкаларын ескере отырып, есепті айдың соңғы күнінде айналысқа шығарылған нақты тасымалдағыштағы төлем карточкаларының саны көрсетіледі.

8. 7, 8, 9 және 10-бағандарда негізгі және қосымша төлем карточкаларын ескере отырып, есепті айдың соңғы күніндегі виртуалды төлем карточкаларының саны көрсетіледі.

9. 11, 12, 13 және 14-бағандарда негізгі және қосымша төлем карточкаларын ескере отырып, есепті айда операциялар жүргізу және ақпараттық банк қызметтерін алу үшін пайдаланылған жеке төлем карточкаларының саны көрсетіледі. Есепті айда бірнеше рет пайдаланылатын төлем карточкасы бір рет көрсетіледі.

10. 15, 16, 17 және 18-бағандарда негізгі және қосымша төлем карточкаларын ескере отырып, есепті айда операциялар жүргізу және ақпараттық банк қызметтерін алу үшін пайдаланылған виртуалды төлем карточкаларының саны көрсетіледі. Есепті айда бірнеше рет пайдаланылатын төлем карточкасы бір рет көрсетіледі.

11. 19 және 20-бағандарда есепті айдың соңғы күніндегі төлем карточкаларын ұстаушылардың саны жеке және виртуалды төлем карточкаларына бөлініп көрсетіледі. Бір ұстаушыда бірнеше төлем карточкалары болған жағдайда, мұндай ұстаушы бір рет көрсетіледі.

2-кестеде:

12. 1-бағанда өңірлер мен республикалық маңызы бар қалалар бөлінісінде төлем карточкалары бойынша мәліметтер көрсетіледі.

"Қазақстан Республикасынан тыс жерде" деген жолда банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым шетелде таратқан төлем карточкалары бойынша мәліметтер көрсетіледі.

13. 2-бағанда респонденттің төлем карточкаларына қызмет көрсетілетін төлем жүйелерінің саны көрсетіледі.

14. 3-бағанда 2-бағанда көрсетілген барлық төлем жүйелері бойынша төлем карточкаларын ұстаушылардың жиынтық саны көрсетіледі.

15. 4-бағанда клиенттердің жеке сәйкестендіру нөмірі бойынша салыстыру жолымен алынған төлем карточкаларын ұстаушылардың нақты саны көрсетіледі.

Көрсетілетін төлем қызметтері
туралы мәліметтер беру
қағидаларына
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымша алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.11.2022 № 96 (01.04.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4-қосымша жаңа редакцияда көзделген – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.02.2025 № 6 (01.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Көрсетілетін төлем қызметтері
туралы мәліметтер беру
қағидаларына
4-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.11.2022 № 96 (01.04.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 4-РК

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы _____ жағдай бойынша

Ақпарат ұсынатын тұлғалар тобы: төлем карточкаларының эмитенттері және (немесе) эквайерлері болып табылатын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер:

1) банктер;

2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

Ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей. Егер айдың оныншы күні демалыс немесе мереке күніне сәйкес келсе, есептілікті ұсыну мерзімі келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

Нысан

НЫСАНДЫ ҰСЫНАТЫН ТҮЛҒАНЫҢ АТАУЫ

Операция түрі	Операцияны жүргізу ортасы	Төлем карточкасының ұстаушының белгісі	Төлем карточкасы жүйесінің атауы	Операция белгісі	Байланыс жүйесі/арнасы	Операциялар саны (бірлік)	Сомасы (мың теңге)
1	2	3	4	5	6	7	8

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген тұлға

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Күні 20__ жылғы " ____ " _____

Төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер нысанына қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме Төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер (индексі: 4-РК, кезеңділігі: ай сайын) 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 52-5) тармақшасына және "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды төлем карточкаларының эмитенттері және (немесе) эквайерлер болып табылатын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер ай сайын жасайды және есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша толтырады.

4. Нысанға бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам қол қояды.

5. Нысан теңгемен толтырылады. Егер операция шетел валютасымен жүргізілсе, ол бойынша мәліметтер операция жүргізілген күнгі валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша теңгемен қайта есептеліп ұсынылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. Нысан төлем карточкасын және (немесе) оның деректемелерін пайдалана отырып жүзеге асырылған қолма-қол ақшасыз операциялар және қолма-қол ақшаны алу жөніндегі операциялар бойынша мәліметтерді қамтиды.

7. 1-бағанда мәліметтерді ұсынудың автоматтандырылған ақпараттық жүйесіндегі тиісті анықтамалыққа сәйкес операцияның түрі (тауарлар, көрсетілетін қызметтер ақысын төлеу және операциялардың өзге түрлері) көрсетіледі.

8. 2-бағанда операцияны жүргізу ортасы – мәліметтерді ұсынудың автоматтандырылған ақпараттық жүйесіндегі тиісті анықтамалыққа сәйкес электрондық терминалдың немесе қашықтан қол жеткізу жүйесінің атауы көрсетіледі.

9. 3-бағанда төлем карточкасын ұстаушының азаматтық құқық субъектісінің типіне байланысты мәліметтер берілетін төлем карточкасын ұстаушының белгісі (жеке тұлғаның төлем карточкасы, корпоративтік төлем карточкасы немесе басқа банктің карточкасы) көрсетіледі.

10. 4-бағанда мәліметтерді ұсынудың автоматтандырылған ақпараттық жүйесіндегі тиісті анықтамалыққа сәйкес мәліметтер берілетін төлем карточкасы жүйесінің атауы көрсетіледі.

11. 5-бағанда ол бойынша төмендегідей мәліметтер берілетін операцияға (банктік шоттан ақшаны есептен шығару сәтінде) сәйкес келетін белгісі көрсетіледі:

I - банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның төлем карточкаларын пайдалана отырып, меншікті қызмет көрсету желісінде жүргізілген операциялар;

II - банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның төлем карточкаларын пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының басқа банкінің қызмет көрсету желісінде жүргізілген операциялар;

III - банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның төлем карточкаларын пайдалана отырып, Қазақстан Республикасынан тыс жердегі басқа банктің қызмет көрсету желісінде жүргізілген операциялар;

IV - Қазақстан Республикасының басқа банктерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың төлем карточкаларын пайдалана отырып, меншікті қызмет көрсету желісінде жүргізілген операциялар;

V - Қазақстан Республикасының бейрезидент эмитенттерінің төлем карточкаларын пайдалана отырып, меншікті қызмет көрсету желісінде жүргізілген операциялар.

12. 6-баған осы түсіндірменің 11-тармағында белгіленген II, III, IV және V операцияның белгілері бар халықаралық төлем жүйелерінің төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген операциялар бойынша толтырылады. 6-бағанда мынадай деректер көрсетіледі:

1) бір процессинг орталығының пайдаланушылары арасында операция жүргізілген жағдайда, "1PC" байланыс арнасы көрсетіледі;

2) халықаралық төлем жүйесінің қатысуынсыз түрлі процессинг орталықтарының пайдаланушылары арасында операция жүргізілген жағдайда, "H2H" байланыс арнасы көрсетіледі;

3) халықаралық төлем жүйесі арқылы түрлі процессинг орталықтарының пайдаланушылары арасында операция жүргізілген жағдайда, осы жүйенің атауы көрсетіледі;

13. 7 және 8-бағандарда осы түсіндірменің 4, 5, 6, 7, 8, 9 және 10-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес төлем карточкасын және (немесе) оның деректемелерін пайдалана отырып жүргізілген операциялардың саны мен сомасы көрсетіледі.

Көрсетілетін төлем қызметтері
туралы мәліметтер беру
қағидаларына
5-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Өңірлер бөлігінде төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.11.2022 № 96 (01.04.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 5-РК

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы _____ жағдай бойынша

Ақпарат ұсынатын тұлғалар тобы: төлем карточкаларының эмитенттері және (немесе) эквайерлері болып табылатын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер:

- 1) банктер;
- 2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

Ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей. Егер айдың оныншы күні демалыс немесе мереке күніне сәйкес келсе, есептілікті ұсыну мерзімі келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

Нысан

НЫСАНДЫ ҰСЫНАТЫН

Тұлғаның атауы

Облыстың, астананың, республикалық маңызы бар қаланың атауы	Операция жүргізу ортасы	Төлем карточкасын ұстаушының белгісі	Қолма-қол ақшасыз операциялар		Қолма-қол ақша беру жөніндегі операциялар	
			операциялар (бірліктер) саны	сомасы (мың теңге)	операциялар (бірліктер) саны	сомасы (мың теңге)
1	2	3	4	5	6	7
Ақмола облысы						
Ақтөбе облысы						
Алматы облысы						
Атырау облысы						
Шығыс Қазақстан облысы						
Жамбыл облысы						
Батыс Қазақстан облысы						
Қарағанды облысы						
Қостанай облысы						
Қызылорда облысы						
Маңғыстау облысы						

Павлодар облысы						
Солтүстік Қазақстан облысы						
Түркістан облысы						
Абай облысы						
Ұлытау облысы						
Жетісу облысы						
Алматы қаласы						
Астана қаласы						
Шымкент қаласы						

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Күні 20__ жылғы " ____ " _____

Өңірлер бөлігінде төлем
карточкаларын пайдалана
отырып жасалған
операциялардың саны мен
көлемі туралы мәліметтер
нысанына қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме Өңірлер бөлігінде төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер (индексі: 5-РК, кезеңділігі: ай сайын) 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Өңірлер бөлігінде төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 52-5) тармақшасына және "Төлемдер

және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды төлем карточкаларының эмитенттері және (немесе) эквайерлер болып табылатын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер ай сайын жасайды және есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша толтырады.

4. Нысанға бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам және орындаушы қол қояды.

5. Нысан теңгемен толтырылады. Егер операция шетел валютасымен жүргізілсе, ол бойынша мәліметтер операция жүргізілген күнгі валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша теңгемен қайта есептеліп ұсынылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. Нысанда қолма-қол ақшасыз төлемдер және (немесе) ақша аударымдары, сондай-ақ төлем карточкаларын пайдалана отырып жүзеге асырылған қолма-қол ақша беру жөніндегі операциялар бойынша мәліметтер қамтылады.

7. Мәліметтер пайдалана отырып, операция жүзеге асырылған жабдықтың орналасқан жері бойынша көрсетіледі. Интернет, ұялы телефон немесе қашықтан қол жеткізудің өзге жүйесі арқылы операция жүргізілген жағдайда мәліметтер банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның ақпараттық жүйесінде клиенттің банктік шотын ағымдағы жүргізу орны бойынша көрсетіледі.

8. 2-бағанда операция жүргізу ортасы – мәліметтерді ұсынудың автоматтандырылған ақпараттық жүйесіндегі тиісті анықтамалыққа сәйкес электрондық терминалдың немесе қашықтан қол жеткізу жүйесінің атауы көрсетіледі.

9. 3-бағанда төлем карточкасын ұстаушының азаматтық құқық субъектісінің типіне байланысты мәліметтер берілетін төлем карточкасын ұстаушының белгісі (жеке тұлғаның төлем карточкасы, корпоративтік төлем карточкасы немесе басқа банктің карточкасы) көрсетіледі.

10. 4, 5, 6 және 7-бағандарда қолма-қол ақшасыз операциялар мен төлем карточкаларын пайдалана отырып қолма-қол ақша беру бойынша операциялардың саны және сомасы көрсетіледі. Көрсетілген бағандарда көзделген операциялардың саны және сомасы операцияның мынадай белгілері бойынша операциялардың саны мен сомасын қосу арқылы есептеледі (банктік шоттан ақшаны есептен шығару кезінде):

I - банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның төлем карточкаларын пайдалана отырып, меншікті қызмет көрсету желісінде жүргізілген операциялар;

IV - Қазақстан Республикасының басқа банктерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, Қазақстан Республикасының банк операцияларының

Жүйенің атауы	Операция жүргізу күні	Алаяқтық тәсілі	Операцияның түрі	Операция жүргізу ортасы	Операция белгісі	Елдің коды	сомасы (теңге)
1	2	3	4	5	6	7	8

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

20 __ жылғы " _____ "

Алаяқтық операциялардың
көлемі туралы мәліметтер
нысанына
қосымша

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме Алаяқтық операциялардың көлемі туралы мәліметтер (индекс: 7-РК, кезеңділік тоқсан сайын) 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді жинауға арналған "Алаяқтық операциялардың көлемі туралы мәліметтер" нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру жөніндегі бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабы екінші бөлігінің 52-5) тармақшасына және "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды тоқсан сайын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер жасайды және есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша толтырылады.

4. Нысанға бірінші басшы немесе ол қол қоюға уәкілеттік берген адам және орындаушы қол қояды.

5. Нысан теңгемен толтырылады. Егер операция шетел валютасымен жүргізілсе, ондағы мәліметтер операция жүргізілген күнгі валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша теңгемен қайта есептеліп ұсынылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. Нысанда:

1) осы түсіндірменің 10-тармағында көрсетілген белгілерге сәйкес төлем карточкаларын және (немесе) олардың деректемелерін пайдалана отырып жүргізілген;

2) төлем карточкаларын пайдаланбай электрондық терминалдар мен қашықтан қол жеткізу жүйелері арқылы жүргізілген;

3) ақша аударымдары жүйелері арқылы жіберілген;

4) электрондық ақшаны пайдалана отырып жүргізілген алаяқтық операциялардың (тоқтатылғандарды қоспағанда) көлемі жөніндегі мәліметтер қамтылады.

Мәліметтер әрбір операция бойынша жеке көрсетіледі және Нысанды ұсынушы көрсетілетін төлем қызметтерін беруші операцияны алаяқтық операция деп анықтаған уақыттың есепті кезеңіне жатқызылады.

7. 1-бағанда мәліметтер ұсынылатын төлем карточкалары жүйесінің, қашықтан қол жеткізу жүйесінің, ақша аударымдары жүйесінің атауы немесе электрондық ақша жүйелері көрсетіледі.

Халықаралық төлем жүйесінің төлем карточкасын пайдалана отырып, осы төлем жүйесіне хабарлама жібермей операция жүргізілген жағдайда, 1-бағанда төлем карточкасы жүйесінің атауының орнына "Н2Н" байланыс арнасы көрсетіледі.

8. 2-бағанда операцияны жүргізу күні көрсетіледі.

9. 3-бағанда алаяқтық тәсілі көрсетіледі.

10. 4-бағанда операцияның түрі көрсетіледі:

А - қолма-қол ақшасыз төлемдер және (немесе) ақша аударымдары;

В - қолма-қол ақша беру бойынша операциялар;

С - қолма-қол ақша салу арқылы жүргізілетін операциялар.

11. 5-бағанда операция жүргізу ортасы - электрондық терминалдың, қашықтан кіру жүйесінің атауы немесе банктің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкі филиалының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның үй-жайы көрсетіледі.

12. 6-бағанда төлем карточкаларын және (немесе) олардың деректемелерін пайдалана отырып жүргізілген операциялар үшін мәліметтер берілетін операцияға сәйкес келетін белгісі көрсетіледі:

I - банктің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкі филиалының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның төлем карточкаларын пайдалана отырып, меншікті қызмет көрсету желісінде жүргізілген операциялар;

II – банктің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкі филиалының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның төлем карточкаларын пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының басқа банкінің қызмет көрсету желісінде жүргізілген операциялар;

III – банктің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкі филиалының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның төлем карточкаларын пайдалана отырып, Қазақстан Республикасынан тыс жердегі басқа банктің қызмет көрсету желісінде жүргізілген операциялар;

V – Қазақстан Республикасының бейрезидент эмитенттерінің төлем карточкаларын пайдалана отырып, меншікті қызмет көрсету желісінде жүргізілген операциялар.

13. 7-бағанда елдің екі мәнді коды көрсетіледі:

1) төлем карточкасын және (немесе) оның деректемелерін пайдалана отырып алаяқтық операция жүргізілген жер бойынша;

2) төлем карточкасын пайдаланбай электрондық терминалдар мен қашықтан қол жеткізу жүйелері арқылы банк, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкі филиалының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым клиентінің банктік шоты бойынша жүргізілген алаяқтық операцияның жүргізілген орны бойынша;

3) төлем ақша аударымдары жүйелері арқылы қайда жіберілген бойынша.

Елдің коды "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерін белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлім. Елдердің кодтары" ISO 3166-1-2016 ҚР ҰЖ Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі.

14. 8-бағанда жүргізілген алаяқтық операциясының сомасы көрсетіледі.

15. Есепті кезеңде алаяқтық операциялар болмаған кезде бағандары толтырылмаған Нысан жіберіледі.

Көрсетілетін төлем қызметтері
туралы мәліметтер беру
қағидаларына
8-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Процессинг орталығы және басқа банктермен өзара іс-әрекеті туралы мәліметтер

Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 8-РК

Кезеңділігі: осы нысан талаптарының бірі өзгерген кезде

Есепті кезең: 20__ жылғы _____ жағдай бойынша

Ақпарат ұсынатын тұлғалар тобы: төлем карточкаларының эмитенттері және (немесе) эквайерлері болып табылатын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер:

1) банктер;

2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

Ұсыну мерзімі: осы нысан талаптарының бірі өзгерген күннен бастап он жұмыс күні ішінде.

Нысан

нысанды ұсынатын тұлғаның атауы

Процессинг орталығының атауы	Операциялар процессинг орталығында өңделетін төлем карточкалары жүйелерінің атауы	Н2Н байланыс арнасын пайдалану шарты жасалған контрагенттің атауы	Операциялар Н2Н байланыс арнасын пайдалану шеңберінде өңделетін төлем карточкалары жүйелерінің атауы
1	2	3	4

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

20 __ жылғы " ____ " _____

Процессинг орталығы
және басқа банктермен
өзара іс-әрекеті туралы
мәліметтер нысанына
қосымша

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме Процессинг орталығы және басқа банктермен өзара іс-әрекеті туралы мәліметтер (индекс: 8-РК, кезеңділігі осы нысан талаптарының бірі өзгерген жағдайда) 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді жинауға арналған "Процессинг орталығы және басқа банктермен өзара іс-әрекеті туралы мәліметтер" нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру жөніндегі бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабы екінші бөлігінің 52-5) тармақшасына және "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысан осы нысан талаптарының бірі өзгерген жағдайда төлем карточкаларының эмитенттері және (немесе) эквайерлер болып табылатын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер дайындайды.

4. Нысанға бірінші басшы немесе ол қол қоюға уәкілеттік берген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 1-бағанда банк, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкі филиалы, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым қызметін пайдаланатын процессинг орталығының атауы көрсетіледі. Меншікті процессингті пайдаланған жағдайда, есеп беретін банктің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкі филиалының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның атауы көрсетіледі.

6. 2-бағанда операциялары процессинг орталығында өңделетін төлем карточкалары жүйелерінің атауы көрсетіледі.

7. 3-бағанда есеп беретін банк, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкі филиалы, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым Н2Н байланыс арнасын пайдалануға шарт жасаған контрагенттің атауы көрсетіледі.

8. 4-бағанда операциялары Н2Н байланыс арнасын пайдалану шеңберінде өңделетін төлем карточкалары жүйелерінің атауы көрсетіледі.

Көрсетілетін төлем қызметтері
туралы мәліметтер беру
қағидаларына
9-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Электрондық ақша эмитенті агенттерінің және қосалқы агенттерінің және электрондық ақша иелерінің саны туралы мәліметтер

Ескерту. 9-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 9-РК

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы _____ жағдай бойынша

Ақпарат ұсынатын тұлғалар тобы: электрондық ақша эмитенттері болып табылатын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер:

1) банктер;

2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

Ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей. Егер айдың оныншы күні демалыс немесе мереке күніне сәйкес келсе, есептілікті ұсыну мерзімі келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

Нысан

НЫСАНДЫ ҰСЫНАТЫН

ТҮЛҒАНЫҢ АТАУЫ

Электрондық ақша жүйесінің атауы	Электрондық ақша эмитенті агенттерінің саны		Электрондық ақша эмитенті қосалқы агенттерінің саны	
	Барлығы	Белсенді	Барлығы	Белсенді
1	2	3	4	5

КЕСТЕНІҢ ЖАЛҒАСЫ

Электрондық ақша иелері-жеке тұлғалардың саны			Электрондық ақшаны ақы төлеуге қабылдайтын дара кәсіпкерлердің және заңды тұлғалардың саны	
Барлығы	Белсенді	Сәйкестендірілген	Барлығы	Белсенді
6	7	8	9	10

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

20 __ жылғы " _____ " _____

Электрондық ақша
эмитенті агенттерінің
және қосалқы агенттерінің
және электрондық ақша
иелерінің саны туралы
мәліметтер нысанына
қосымша

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме Электрондық ақша эмитенті агенттерінің және қосалқы агенттерінің және электрондық ақша иелерінің саны туралы мәліметтер (индекс: 9-РК, кезенділігі тоқсан сайын) 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді жинауға арналған "Электрондық ақша эмитенті агенттерінің және қосалқы агенттерінің және электрондық ақша иелерінің саны туралы мәліметтер" нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру жөніндегі бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабы екінші бөлігінің 52-5) тармақшасына және "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды тоқсан сайын электрондық ақша эмитенттері болып табылатын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер жасайды және есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша толтырады.

4. Нысанға бірінші басшы немесе ол қол қоюға уәкілеттік берген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 1-бағанда мәліметтер ұсынылатын электрондық ақша жүйесінің атауы көрсетіледі.

6. 2-бағанда есепті тоқсанның соңғы күніндегі электрондық ақша эмитенті агенттерінің саны көрсетіледі.

7. 3-бағанда есепті тоқсанда электрондық ақшаны сатып алуды немесе өткізуді жүзеге асырған электрондық ақша эмитенті агенттерінің саны көрсетіледі.

8. 4-бағанда есепті тоқсанның соңғы күніне электрондық ақша эмитенті қосалқы агенттерінің саны көрсетіледі.

9. 5-бағанда есепті тоқсанда электрондық ақшаны сатып алуды немесе өткізуді жүзеге асырған электрондық ақша эмитенті қосалқы агенттерінің саны көрсетіледі.

10. 6-бағанда есепті тоқсанның соңғы күніне электрондық ақша иелері - жеке тұлғалардың саны көрсетіледі.

11. 7-бағанда есепті тоқсанда электрондық ақшамен операциялар жүргізген электрондық ақша иелері - жеке тұлғалардың саны көрсетіледі.

12. 8-бағанда есепті тоқсанның соңғы күніне электрондық ақша эмитенті сәйкестендірген электрондық ақша иелері - жеке тұлғалардың саны көрсетіледі.

13. 9-бағанда есепті тоқсанның соңғы күніне электрондық ақшаны төлем жасауға қабылдайтын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың саны көрсетіледі.

14. 10-бағанда есепті тоқсанда электрондық ақшамен операциялар жүргізілген электрондық ақшаны төлем жасауға қабылдайтын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың саны көрсетіледі.

15. 9 және 10-бағандарда электрондық ақшаны төлем жасауға қабылдайтын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар деп мәліметтерді беретін эмитентпен немесе тиісті электрондық ақша жүйесінің өзге қатысушысымен шарт жасаған дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар түсініледі.

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне
Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында
орналастырылған

Электрондық ақшаны пайдалана отырып жүргізілген операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер

Ескерту. 10-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 10-РК

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы _____ жағдай бойынша

Ақпарат ұсынатын тұлғалар тобы: электрондық ақша эмитенттері болып табылатын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер:

- 1) банктер;
- 2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

Ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей. Егер айдың оныншы күні демалыс немесе мереке күніне сәйкес келсе, есептілікті ұсыну мерзімі келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

Нысан

нысанды ұсынатын тұлғаның атауы

Электрондық ақша жүйесінің атауы	Операция жүргізу ортасы	Электрондық ақшаны пайдалана отырып жүргізілген операциялар			
		Жеке тұлғалардың пайдасына		Дара кәсіпкерлердің және заңды тұлғалардың пайдасына	
		Операциялар саны	Операциялар саны	Операциялар саны	Операциялар саны
1	2	3	4	5	6

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

20 __ жылғы " _____ "

Электрондық ақшаны
пайдалана отырып
жүргізілген операциялардың
саны мен көлемі туралы
мәліметтер нысанына
қосымша

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме Электрондық ақшаны пайдалана отырып жүргізілген операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер (индекс: 10-РК, кезеңділігі тоқсан сайын) 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді жинауға арналған "Электрондық ақшаны пайдалана отырып жүргізілген операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер" нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру жөніндегі бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабы екінші бөлігінің 52-5) тармақшасына және "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды тоқсан сайын электрондық ақша эмитенттері болып табылатын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер жасайды және есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша толтырады.

4. Нысанға бірінші басшы немесе ол қол қоюға уәкілеттік берген адам және орындаушы қол қояды.

5. Нысан теңгемен толтырылады. Егер операция шетел валютасында жасалса, ол бойынша мәліметтер операция жасалған күнгі валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша теңгеге қайта есептеліп ұсынылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. 1-бағанда мәліметтер ұсынылатын электрондық ақша жүйесінің атауы көрсетіледі

7. 2-бағанда операция жүргізу ортасы - электрондық терминалдың немесе қашықтан кіру жүйесінің атауы көрсетіледі.

8. 3 және 4-бағандарда есепті тоқсанда жеке тұлғалардың электрондық ақшаны пайдалана отырып жеке тұлғалардың пайдасына жүргізген операцияларының саны мен сомасы көрсетіледі.

9. 5 және 6-бағандарда есепті тоқсанда жеке тұлғалардың дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың пайдасына электрондық ақшаны пайдалана отырып жүргізген операцияларының саны мен сомасы көрсетіледі.

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz ресми интернет-ресурсында орналастырылған

Айналыстағы электрондық ақшаның саны туралы және электрондық ақшаны шығару мен өтеу бойынша операциялардың саны және көлемі туралы мәліметтер

Ескерту. 11-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 11-РК

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: электрондық ақша эмитенттері болып табылатын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер

- 1) банктер;
- 2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

Ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей. Егер айдың оныншы күні демалыс немесе мереке күніне сәйкес келсе, есептілікті ұсыну мерзімі келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

Нысан

нысанды ұсынатын тұлғаның атауы

Электрондық ақша иелері	Электрондық ақша иелері	Электрондық ақша иелері	Электрондық ақшаны шығару		Электрондық ақшаны өтеу	
			Операциялар саны	Операциялар саны	Операциялар саны	Операциялар саны
1	2	3	4	5	6	7
Электрондық ақша эмитентінің агенттері						
Электрондық ақша эмитентінің қосалқы агенттері						

Ж е к е тұлғалар						
Д а р а кәсіпкерлер және заңды тұлғалар						

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

20 __ жылғы " _____ " _____

Айналыстағы электрондық
ақшаның саны туралы
және электрондық ақшаны
шығару мен өтеу бойынша
операциялардың саны
және көлемі туралы
мәліметтер нысанына
қосымша

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме Айналыстағы электрондық ақшаның саны туралы және электрондық ақшаны шығару мен өтеу бойынша операциялардың саны және көлемі туралы мәліметтер (индекс: 11-РК, кезеңділігі тоқсан сайын) 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді жинауға арналған "Айналыстағы электрондық ақшаның саны туралы және электрондық ақшаны шығару мен өтеу бойынша операциялардың саны және көлемі туралы мәліметтер" нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру жөніндегі бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабы екінші бөлігінің 52-5) тармақшасына және "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды тоқсан сайын электрондық ақша эмитенттері болып табылатын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер жасайды және есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша толтырылады.

4. Нысанға бірінші басшы немесе ол қол қоюға уәкілеттік берген адам және орындаушы қол қояды.

5. Нысан теңгемен толтырылады. Егер операция шетел валютасымен жүргізілсе, ондағы мәліметтер операция жүргізілген күнгі валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша теңгемен қайта есептеліп ұсынылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. 2-бағанда мәліметтер ұсынылатын электрондық ақша жүйесінің атауы көрсетіледі

7. 3-бағанда есепті тоқсанның соңғы күніне айналыстағы электрондық ақшаның сомасы көрсетіледі.

3-баған есепті тоқсанның соңғы күні электрондық ақшаның иесі кім болғанына байланысты электрондық ақша эмитентінің агенттері, электрондық ақша эмитентінің қосалқы агенттері, жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар бойынша толтырылады.

8. 4 және 5-бағандарда есепті тоқсанда электрондық ақшаны шығару бойынша жүргізілген операцияларының саны және сомасы көрсетіледі.

4 және 5-бағандар электрондық ақшаның кімге берілгеніне байланысты электрондық ақша эмитентінің агенттері, электрондық ақша эмитентінің қосалқы агенттері және жеке тұлғалар бойынша толтырылады.

4 және 5-бағандар дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар бойынша толтырылмайды.

9. 6 және 7-бағандарда есепті тоқсанда электрондық ақшаны өтеу бойынша жүргізілген операцияларының саны және сомасы көрсетіледі.

6 және 7-бағандар электрондық ақшаны өтеу сәтіне олардың иесі кім болғанына байланысты электрондық ақша эмитентінің агенттері, электрондық ақша эмитентінің қосалқы агенттері, жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар бойынша толтырылады.

Көрсетілетін төлем қызметтері
туралы мәліметтер беру
қағидаларына
12-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz ресми интернет-ресурсында орналастырылған

Электрондық ақша эмитенті агенттерінің және қосалқы агенттерінің электрондық ақшаны сатып алу және өткізу бойынша операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер

Ескерту. 12-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР

Ұлттық Банкі Басқармасының 19.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 12-РК

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: электрондық ақша эмитенттері болып табылатын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер:

- 1) банктер;
- 2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

Ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей. Егер айдың оныншы күні демалыс немесе мереке күніне сәйкес келсе, есептілікті ұсыну мерзімі келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

Нысан

нысанды ұсынатын тұлғаның атауы

Электрондық ақша жүйесінің атауы	Электрондық ақша эмитенті агенттерінің электрондық ақшаны өткізуі		Электрондық ақша эмитенті қосалқы агенттерінің электрондық ақшаны өткізуі		Электрондық ақша эмитенті агенттерінің электрондық ақшаны иемденуі		Электрондық ақша эмитенті қосалқы агенттерінің электрондық ақшаны иемденуі	
	Операциялар саны	Сомасы (теңге)	Операциялар саны	Сомасы (теңге)	Операциялар саны	Сомасы (теңге)	Операциялар саны	Сомасы (теңге)
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

20__ жылғы " __ " _____

Электрондық ақша эмитенті агенттерінің және қосалқы агенттерінің электрондық ақшаны иемдену және өткізу бойынша операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер нысанына қосымша

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме Электрондық ақша эмитенті агенттерінің және қосалқы агенттерінің электрондық ақшаны иемдену және өткізу бойынша

операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер (индекс: 12-РК, кезеңділігі тоқсан сайын) 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді жинауға арналған "Электрондық ақша эмитенті агенттерінің және қосалқы агенттерінің электрондық ақшаны иемдену және өткізу бойынша операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер" нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру жөніндегі бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабы екінші бөлігінің 52-5) тармақшасына және "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды тоқсан сайын электрондық ақша эмитенттері болып табылатын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер жасайды және есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша толтырылады.

4. Нысанға бірінші басшы немесе ол қол қоюға уәкілеттік берген адам және орындаушы қол қояды.

5. Нысан теңгемен толтырылады. Егер операция шетел валютасымен жүргізілсе, ондағы мәліметтер операция жүргізілген күнгі валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша теңгемен қайта есептеліп ұсынылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. 1-бағанда ақпарат ұсынылатын электрондық ақша жүйесінің атауы көрсетіледі.

7. 2 және 3-бағандарда есепті тоқсанда электрондық ақша эмитенті агенттерінің электрондық ақшаны жеке тұлғаларға өткізуі бойынша операциялардың саны және сомасы көрсетіледі.

8. 4 және 5-бағандарда есепті тоқсанда электрондық ақша эмитенті қосалқы агенттерінің электрондық ақшаны жеке тұлғаларға өткізуі бойынша операциялардың саны және сомасы көрсетіледі.

9. 6 және 7-бағандарда есепті тоқсанда электрондық ақша эмитенті агенттерінің электрондық ақшаны жеке тұлғалардан иемденуі бойынша операциялардың саны және сомасы көрсетіледі.

10. 8 және 9-бағандарда есепті тоқсанда электрондық ақша эмитенті қосалқы агенттерінің электрондық ақшаны жеке тұлғалардан иемденуі бойынша операциялардың саны және сомасы көрсетіледі.

Көрсетілетін төлем қызметтері
туралы мәліметтер беру
қағидаларына
13-қосымша

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz ресми интернет-ресурсында орналастырылған

Банктік шотты пайдалана отырып және пайдаланбай төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын қабылдау мен жүзеге асыру жөніндегі мәліметтер

Ескерту. 13-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-PU

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер:

- 1) банктер;
- 2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар;
- 3) пошталық ақша аударымдарын жүзеге асыратын пошта операторлары.

Ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың он бесінші (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей. Егер айдың он бесінші күні демалыс немесе мереке күніне сәйкес келсе, есептілікті ұсыну мерзімі келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

Нысанда көрсетілуге жататын тиіс төлемдер және (немесе) ақша аударымдары есепті айда болмаған жағдайда, нысанды ұсынатын тұлғалар бұл туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне есепті айдан кейінгі айдың он бесінші (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей жазбаша түрде хабарлайды.

Нысан

Нұсқауды қабылдау ортасы	Нұсқауды өңдеу ортасы	Белгі	А қ ш а жөнелтуші ұйымның (банктің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкінің) сәйкестендіру коды (БСК/ЖСК / өз ге сәйкестендіргіш)	Корреспондентт ік қатынастар бар делдал ұйымның (банктің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкінің) сәйкестендіру коды	Бенефициар (банктің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкінің) ұйымының сәйкестендіру коды (БСК/ЖСК / өз ге сәйкестендіргіш)
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы

Төлем агенті немесе қосалқы агент	Ақша жөнелтуші			Бенефициар		
	Резиденттік белгісі	Экономика секторы	Елі	Резиденттік белгісі	Резиденттік белгісі	Елі
7	8	9	10	11	12	13

кестенің жалғасы

Нақтылау				
Төлем белгілеу коды	Саны	Сомасы, теңге	Т ө л е м валютасының коды	Төлем құралы
14	15	16	17	18

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

20 __ жылғы " _____ "

Банктік шотты пайдалана
отырып және пайдаланбай
төлемдерді және (немесе) ақша
аударымдарын қабылдау мен
жүзеге асыру жөніндегі
мәліметтер нысанына
қосымша

"Банктік шотты пайдалана отырып және пайдаланбай төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын қабылдау мен жүзеге асыру жөніндегі мәліметтер" (индексі - 1-PU, кезеңділігі: ай сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Банктік шотты пайдалана отырып және пайдаланбай төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын қабылдау мен жүзеге асыру жөніндегі мәліметтер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 52-5) тармақшасына және "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер ай сайын жасайды және есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша толтырады.

4. Нысанға бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам және орындаушы қол қояды.

5. Нысанда "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4), 9) тармақшаларында көзделген ұсынылған төлем қызметтері бойынша мәліметтер қамтылады.

6. Нысан теңгемен толтырылады. Егер төлем және (немесе) ақша аударымы шетел валютасымен жүргізілсе, ол бойынша мәліметтер төлем жасалған күнгі валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша теңгемен қайта есептеліп ұсынылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

7. Мәліметтерді төлем агенттері мен қосалқы төлем агенттерін қоспағанда, көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер ұсынады және Нысанды ұсынатын тұлғалардың филиалдары мен бөлімшелері, төлем агенттері мен қосалқы төлем агенттері арқылы көрсетілген төлем қызметтерін (төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын) ескере отырып толтырады.

8. Нысан төлем және (немесе) ақша аударымы туралы мынадай ақпарат қамтылған 18 бағаннан тұрады:

- 1) 1-бағанда нұсқауды қабылдау ортасы көрсетіледі;
- 2) 2-бағанда нұсқауды өңдеу ортасы көрсетіледі;
- 3) 3-бағанда операция белгісі көрсетіледі;

4) 4-бағанда Нысанды ұсынатын тұлғалар ақша жөнелтуші ұйымның (банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің) сәйкестендіру кодын көрсетеді. Ақша жөнелтуші банк клиентінің жеке сәйкестендіру коды толтырылмайды.

Банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым Нысанды қалыптастыру кезінде ақша жөнелтуші банктің банктік сәйкестендіру кодын көрсетеді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Нысанды қалыптастыру кезінде ақша жөнелтуші банктің банктік сәйкестендіру кодын және банк ішіндегі аударым жүргізілген жағдайда ақша жөнелтуші банк клиентінің жеке сәйкестендіру кодын көрсетеді, өзге төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша ақша жөнелтуші банктің банктік сәйкестендіру коды ғана көрсетіледі.

Негізінде төлем және (немесе) ақша аударымы жүзеге асырылатын құжаттарда ақша жөнелтуші банктің банктік сәйкестендіру коды болмаған кезде 4-баған толтырылмайды;

5) 5-бағанда Нысанды ұсынатын тұлғаның корреспонденттік қатынастар бар және ол арқылы төлем және (немесе) ақша аударымы жүргізілетін делдал ұйымның (банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің, ол төлем және (немесе) ақша аударымын жүргізу схемасында болған кезде) сәйкестендіру коды көрсетіледі;

6) 6-бағанда Нысанды ұсынатын тұлғалар делдал ұйым арқылы жүргізілген төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша бенефициар ұйымының (банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің) сәйкестендіру кодын не корреспонденттік қатынастар бар бенефициар ұйымының (банктің, Қазақстан

Республикасының бейрезидент банкінің) сәйкестендіру кодын көрсетеді. Бенефициар банкі клиентінің жеке сәйкестендіру коды толтырылмайды.

Банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым Нысанды қалыптастыру кезінде бенефициар банкінің банктік сәйкестендіру кодын көрсетеді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Нысанды қалыптастыру кезінде бенефициар банкінің банктік сәйкестендіру кодын және банк ішіндегі аударым жүргізілген жағдайда бенефициар банкі клиентінің жеке сәйкестендіру кодын көрсетеді, өзге төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша бенефициар банкінің банктік сәйкестендіру коды ғана көрсетіледі.

Негізінде төлем және (немесе) ақша аударымы жүзеге асырылатын құжаттарда бенефициар банкінің банктік сәйкестендіру коды болмаған кезде 6-баған толтырылмайды;

7) 7-баған төлем қызметтерін көрсету бойынша жасалған агенттік шарттардың негізінде төлем агенттері және қосалқы агенттер арқылы (оның ішінде қашықтан қол жеткізу жүйелері және электрондық терминалдар, электрондық ақша арқылы) көрсетілген төлем қызметтері туралы мәліметтер берілген жағдайда толтырылады:

төлем агенттері арқылы қызметтер көрсетілген кезде 1 көрсетіледі;

қосалқы төлем агенттері арқылы көрсетілген кезде 2 көрсетіледі;

8) 8-бағанда ақша жөнелтушінің резиденттік белгісі көрсетіледі.

Негізінде төлем және (немесе) ақша аударымы жүзеге асырылатын құжаттарда ақша жөнелтушінің резиденттік белгісі болмаған кезде 8-баған толтырылмайды;

9) 9-бағанда ақша жөнелтушінің экономика секторының коды көрсетіледі.

Негізінде төлем және (немесе) ақша аударымы жүзеге асырылатын құжаттарда ақша жөнелтушінің экономика секторының коды болмаған кезде 9-баған толтырылмайды;

10) 10-бағанда төлем және (немесе) ақша аударымы жүргізілген елдің (төлем және (немесе) ақша аударымы жіберілген бастапқы ақша жөнелтушінің банктік шоты ашылған ел не банктік шотты ашпай ақша аударымы жүргізілген жағдайда ақша жөнелтуші ақшаны аударған ел) екі таңбалы коды көрсетіледі.

13-бағанда төлем және (немесе) ақша аударымы жіберілген елдің (ақша аударылған соңғы бенефициардың банктік шоты ашылған ел не банктік шотты ашпай ақша аударымы жүргізілген жағдайда бенефициар ақша алған ел) екі таңбалы коды көрсетіледі.

Ел коды "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің бірліктерін ұсынуға арналған кодтар. 1-бөлім. Елдердің кодтары" ҚР ҰС ISO 3166-1-2016 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының аумағында жүргізілген төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша KZ коды көрсетіледі;

11) 11-бағанда бенефициардың резиденттік белгісі көрсетіледі.

Негізінде төлем және (немесе) ақша аударымы жүзеге асырылатын құжаттарда бенефициардың резиденттік белгісі болмаған кезде 11-баған толтырылмайды;

12) 12-бағанда бенефициардың экономика секторының коды көрсетіледі.

Негізінде төлем және (немесе) ақша аударымы жүзеге асырылатын құжаттарда бенефициардың экономика секторының коды болмаған кезде 12-баған толтырылмайды;

13) 14-бағанда төлем белгілеу коды көрсетіледі.

Шет елден келіп түскен төлем және (немесе) ақша аударымы көрсетілген кезде 8, 9 және 14-бағандарды Нысанды ұсынатын тұлға корреспондент банктің немесе халықаралық жүйенің төлем құжаттары және төлем және (немесе) ақша аударымы үшін негіз болатын өзге құжаттар негізінде толтырады.

Лездік төлемдер жүйесі бойынша төлем және (немесе) ақша аударымы бойынша:

1) ақша жөнелтушінің банкі 8, 9-бағандарда ақша жөнелтушінің резиденттік белгісін және экономика секторын белгілейді, 11, 12-бағандар толтырылмайды, 14-бағанда – лездік төлемдер жүйесі бойынша төлем және (немесе) ақша аударымы үшін көзделген төлем белгілеу кодын;

2) бенефициар банкі 8, 9-бағандарды толтырмайды, 11, 12-бағандарда резиденттік белгісін және бенефициар экономикасының секторын, 14-бағанда бенефициар қызметінің түріне қарай төлем белгілеу кодын белгілейді.

8, 9, 10, 11, 12, 13 және 14-бағандар бойынша деректерді операциялардың, төлемдердің және (немесе) ақша аударымдарының өзге өлшемдерінің сәйкес келуін ескере отырып, резиденттіктің бір белгісі, экономика секторы, елі, төлем белгілеу коды бойынша топтастыру жүзеге асырылады;

14) 15-бағанда есепті кезеңдегі операциялардың, төлемдердің және (немесе) ақша аударымдарының саны көрсетіледі. Бір операцияны, бір төлемді және (немесе) ақша аударымын көрсету кезінде баған 1 мәнін қабылдайды. Жаңа операцияның, жаңа төлемнің және (немесе) ақша аударымының өлшемдері 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 17 және 18-бағандардағы бұрыннан бар өлшемдермен сәйкес келген жағдайда, осы бағандағы мән 1-ге ұлғайтылады, ал 16-бағандағы мән жаңа операцияның, жаңа төлемнің және (немесе) ақша аударымының сомасына ұлғайтылады;

15) 16-бағанда операцияның, төлемдердің және (немесе) ақша аударымдарының сомасы теңгемен, үтірден кейін екі белгіге дейін көрсетіледі;

16) 17-бағанда төлем валютасының үш мәнді коды ҚР ҰЖ 07 ИСО 4217-2012 " Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;

17) 18-бағанда жіберілген төлем және (немесе) ақша аударымы бойынша осы түсіндірменің 9-тармағында көзделген төлем құралдары белгілерінің бірі көрсетіледі.

9. Төлем құралының мынадай белгілері қолданылады:

01 – төлем тапсырмасын ұсыну;

02 – төлем талабын ұсыну;

03 – бюджетке берешегі бар салық төлеушінің банктік шотына қойылған салық органының инкассолық өкімін ұсыну;

04 – дебитордың банктік шотына қойылған салық органының инкассолық өкімін ұсыну;

05 – бюджетке берешегі бар салық төлеушінің банктік шотына қойылған кеден органының инкассолық өкімін ұсыну;

06 – төлем ордерін ұсыну;

07 – салық органының міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешегі бар агенттің банктік шотына қойылған инкассолық өкімін ұсыну;

08 – төлем хабарламасын ұсыну;

09 – Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешегі бар төлеушінің банктік шотына қойылған салық органының инкассолық өкімін ұсыну;

10 – атқару парақтары негізінде инкассолық өкімді ұсыну;

11 – тауарлар мен қызметтер үшін чектер, жол чектерін беру;

12 – өзге де төлем құралдары;

20 – алынған төлемдер.

Клиентке қолма-қол ақшамен төлеуге жататын алынған төлем және (немесе) ақша аударымы бойынша "20" белгісі көрсетіледі.

Көрсетілетін төлем қызметтері туралы
мәліметтер беру қағидаларына
14-қосымша

Өкімшілік деректерді жинауға арналған нысаны

"Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарына сәйкес төлемдер бойынша мәліметтер"

Есепті кезең: 20__ жылғы _____

Индекс: 1-KNP

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынатындар:

1) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

2) екінші деңгейдегі банктер, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы, Ұлттық пошта операторы, бас банктің төлемдер мен ақша аударымдарын, оның ішінде еншілес банктің корреспонденттік шотын пайдалана отырып депозиторлардың бас банкке "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы

Төлем жүргізу ортасы	Ақша аудару жүйесінің атауы	Төлем белгісі	Ақша және лтуші банктің БСК, ақша және лтуші банктің клиентінің ЖСК	Бенефициар банктің БСК, бенефициар банктің ЖСК	Резиденттік белгісі	Экономик а секторы	Елі	Резиденттік белгісі	Экономик а секторы	Елі	Төлем белгілеу коды	Есептеу кезеңі дегі мдердің және (неме се) ақша аударымда рыны сомасы	Теңге мен төлемдердің және (неме се) ақша аударымда рыны сомасы	Төлем валютасының коды	Төлемдердің және (неме се) ақша аударымда рын жүзеге асыру тәсілі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16

Бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам)

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) қолы

Орындаушы _____

лауазымы тегі, аты, әкесінің аты қолы телефон нөмірі

(ол болған кезде)

Есепке қол қойылған күні 20 __ жылғы " ____ " _____

Әкімшілік деректерді жинауға арналған
"Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарына сәйкес төлемдер бойынша мәліметтер" нысанына қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған

"Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарына сәйкес төлемдер бойынша мәліметтер" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді жинауға арналған "Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарына сәйкес төлемдер бойынша мәліметтер" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру жөніндегі талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабы екінші бөлігінің 52-5)

тармақшасына және "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 4-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – Ұлттық Банк) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Орталық) ұсынатын нысан банкаралық ақша аудару жүйесі (бұдан әрі – банкаралық жүйе) және банкаралық клиринг жүйесі арқылы жүргізілген төлемдер бойынша мәліметтерді қамтиды.

4. Екінші деңгейдегі банктер, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы, Ұлттық пошта операторы, бас банктің төлемдер мен ақша аударымдарын, оның ішінде еншілес банктің корреспонденттік шотын пайдалана отырып, депозиторлардың бас банкке "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Банктер және банк қызметі туралы заң) сәйкес берілген банктік шоттар бойынша жүзеге асыруымен байланысты аударым операцияларын Ұлттық Банктің лицензиясынсыз жүзеге асыратын, бұрын еншілес банк болған заңды тұлға, бас банк және Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес оған қатысты қайта құрылымдау жүргізілген еншілес банк, қосылатын банк, сондай-ақ Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес оған қатысты қосылу жүзеге асырылған банк (бұдан әрі – банктер) ұсынатын және Ұлттық Банк қалыптастыратын нысан филиалдарды ескере отырып толтырылады және төлемдер және (немесе) ақша аударымдары жөніндегі ақпараттан тұрады, оның ішінде банктік шотты ашпастан:

1) Ұлттық Банкте ашылған корреспонденттік шоттар арқылы жүргізілген;

2) банкаралық жүйені және банкаралық клиринг жүйесін қоспағанда, төлем жүйелері (бұдан әрі – ақша аударымдары жүйелері) арқылы және резидент банктердің және бейрезидент банктердің ностро және лоро корреспонденттік шоттары бойынша, оның ішінде Ұлттық пошта операторы жүзеге асыратын пошталық ақша аударымдары бойынша жүргізілген;

3) банк немесе Ұлттық Банк (бұдан әрі – ұйым) және оның клиенті арасында немесе ұйымның екі клиенті арасында жүзеге асырылған, оның ішінде Ұлттық пошта операторы жүзеге асыратын пошталық ақша аударымы (бұдан әрі – банкішілік аударымдар) бойынша.

5. Нысан теңгемен толтырылады. Егер төлем және (немесе) ақша аударымы шетел валютасымен жүргізілсе, ондағы мәліметтер операция жүргізілген күнгі валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша теңгемен қайта есептеліп ұсынылады.

2-тарау. Нысанды толтыру

1. Орталық беретін нысан төлем және (немесе) ақша аударымы туралы мынадай ақпаратты қамтитын 16 бағаннан тұрады:

1) 1-бағанда төлем жүргізу ортасына сәйкес келетін белгі (бұдан әрі – төлем жүргізу ортасының белгісі) көрсетіледі:

01 – банкаралық жүйе;

02 – банкаралық клиринг жүйесі;

2) 2 және 3-бағандар толтырылмайды;

3) 4-бағанда ақша жөнелтуші банктің банктік сәйкестендіру коды көрсетіледі, ақша жөнелтуші банк клиентінің жеке сәйкестендіру коды толтырылмайды;

4) 5-бағанда бенефициар банктің банктік сәйкестендіру коды көрсетіледі, бенефициар банк клиентінің жеке сәйкестендіру коды толтырылмайды;

5) 6-бағанда ақша жөнелтушінің резиденттік белгісі көрсетіледі;

6) 7-бағанда ақша жөнелтуші экономикасы секторының коды көрсетіледі;

7) 8 және 11-бағандарда "KZ" коды көрсетіледі;

8) 9-бағанда бенефициар резиденттігінің белгісі көрсетіледі;

9) 10-бағанда бенефициар экономикасы секторының коды көрсетіледі;

10) 12-бағанда төлем белгілеу коды көрсетіледі;

11) 13-бағанда есепті кезеңдегі төлемдердің және (немесе) ақша аударымдарының саны көрсетіледі. Бір төлемді немесе ақша аударымын көрсеткен кезде баған 1 мәнді қабылдайды. Жаңа төлемнің немесе ақша аударымын өлшемдері 1, 4 – 12, 15 және 16-бағандардағы бұрыннан бар өлшемдермен сәйкес келген жағдайда, осы бағандағы мән 1-ге ұлғайтылады, ал 14-бағандағы мән жаңа төлемнің немесе ақша аударымының сомасына ұлғайтылады;

12) 14-бағанда төлемдердің және (немесе) ақша аударымдарының сомасы теңгемен, үтірден кейін екі белгіге дейін көрсетіледі;

13) 15-бағанда KZT төлем валютасының үш мәнді коды көрсетіледі;

14) 16-бағанда осы түсіндірменің 8-тармағында көзделген төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру тәсілдері белгілерінің бірі көрсетіледі: 01, 02, 03, 04, 06, 07, 08, 09, 10, 17, 18, 19.

7. Ұйымдар ұсынатын нысан төлем және (немесе) ақша аударымы туралы мынадай ақпаратты қамтитын 16 бағаннан тұрады:

1) 1-бағанда төлем жүргізу ортасының белгісі көрсетіледі:

03 – Ұлттық Банктегі корреспонденттік шот;

04 – Қазақстан Республикасы аумағындағы ақша аударымдары жүйесі;

05 – шет елге (шет елден) ақша аударымдары жүйесі;

06 – Ұлттық Банктегі корреспонденттік шотты қоспағанда, Қазақстан Республикасы шегіндегі ностро және лоро корреспонденттік шоттары;

07 – Ұлттық Банктегі корреспонденттік шотты есептемегенде шет елге (шет елден) ностро және лоро корреспонденттік шоттары;

08 – банкішілік аударымдар;

2) 2-бағанда төлем немесе ақша аударымы жүргізілетін ақша аударымдар жүйесінің атауы көрсетіледі;

3) 3-бағанда төлем немесе ақша аударымы түрлеріне сәйкес келетін белгі (бұдан әрі – төлем белгісі) көрсетіледі:

01 – Нысанды беретін ұйым ақша аударымдары жүйелері арқылы жіберген төлем және (немесе) ақша аударымы;

02 – Нысанды беретін ұйым ақша аударымдары жүйелері арқылы алған төлем және (немесе) ақша аударымы;

03 – Нысанды беретін ұйым ностро корреспонденттік шоты арқылы жіберген төлем және (немесе) ақша аударымы;

04 – Нысанды беретін ұйым ностро корреспонденттік шоты арқылы алған төлем және (немесе) ақша аударымы;

05 – Нысанды беретін ұйым лоро корреспонденттік шоты арқылы жіберген төлем және (немесе) ақша аударымы;

06 – Нысанды беретін ұйым лоро корреспонденттік шоты арқылы алған төлем және (немесе) ақша аударымы;

07 – Нысанды беретін ұйымының ностро корреспонденттік шотынан ақшаны басқа да есептен шығаруы;

08 – Нысанды беретін ұйымының ностро корреспонденттік шотына ақшаны басқа да есептеуі;

09 – Нысанды беретін ұйымының лоро корреспонденттік шотынан ақшаны басқа да есептен шығаруы;

10 – Нысанды беретін ұйымының лоро корреспонденттік шотына ақшаны басқа да есептеуі;

11 – банкішілік аударым. Нысанды беретін ұйым әрі ақша жөнелтуші банк, әрі бенефициар банкі болып табылады.

Төлемнің "01" және "02" белгілері төлем жүргізу ортасының "04", "05" белгілері бойынша толтырылады. Төлемнің "03" – "10" белгілері төлем жүргізу ортасының "03", "06", "07" белгілері бойынша толтырылады. Төлемнің "11" белгісі төлем жүргізу ортасының "08" белгісі бойынша толтырылады;

4) 4-бағанда банктер ақша жөнелтуші банктің банктік сәйкестендіру кодын көрсетеді. Ақша жөнелтуші банк клиенттің жеке сәйкестендіру кодын толтырмайды.

Ұлттық Банк Нысанды қалыптастыру кезінде банкішілік аударым жүргізген жағдайда ақша жөнелтуші банктің банктік сәйкестендіру кодын және ақша жөнелтуші банк клиентінің жеке сәйкестендіру кодын көрсетеді, өзге төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша ақша жөнелтуші банктің банктік сәйкестендіру коды ғана көрсетіледі.

Нысанды беретін ұйымы шет елден алған төлем немесе ақша аударымы бойынша Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын алушы банктің банктік сәйкестендіру коды көрсетіледі.

Төлем жүргізу ортасының "04" және "05" белгілері бойынша соның негізінде төлем және (немесе) ақша аударымы жүзеге асырылатын құжаттарда Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын ақша жөнелтуші банктің банктік сәйкестендіру коды болмаған кезде 4-бағаны толтырылмайды;

5) 5-бағанда банктер бенефициар банктің банктік сәйкестендіру кодын көрсетеді. Бенефициар банк клиентінің жеке сәйкестендіру коды толтырылмайды.

Ұлттық Банк Нысанды қалыптастыру кезінде банкішілік аударым жүргізген жағдайда бенефициар банктің банктік сәйкестендіру кодын және бенефициар банк клиентінің жеке сәйкестендіру кодын көрсетеді, өзге төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша бенефициар банктің банктік сәйкестендіру коды ғана көрсетіледі.

Нысанды беретін ұйым шет елге жіберген төлем немесе ақша аударымы бойынша Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын бенефициар банктің банктік сәйкестендіру коды көрсетіледі.

Төлем жүргізу ортасының "04" және "05" белгілері бойынша соның негізінде төлем және (немесе) ақша аударымы жүзеге асырылатын құжаттарда Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын бенефициар банктің банктік сәйкестендіру коды болмаған жағдайда 5-бағаны толтырылмайды;

6) 6-бағанда ақша жөнелтушінің резиденттік белгісі көрсетіледі.

Ұйым алған төлем және (немесе) ақша аударымы бойынша төлем жүргізу ортасының "04" және "05" белгілері бойынша соның негізінде төлем және (немесе) ақша аударымы жүзеге асырылатын құжаттарда ақша жөнелтушінің резиденттігі туралы ақпарат болмаған жағдайда 6-бағаны толтырылмайды;

7) 7-бағанда ақша жөнелтуші экономика секторының коды көрсетіледі.

Ұйым алған төлем және (немесе) ақша аударымы бойынша төлем жүргізу ортасының "04" және "05" белгілері бойынша соның негізінде төлем және (немесе) ақша аударымы жүзеге асырылатын құжаттарда ақша жөнелтушінің экономикасының секторы туралы ақпарат болмаған жағдайда 7-бағаны толтырылмайды;

8) 8-бағанда төлем және (немесе) ақша аударымы жүргізілген елдің (төлем және (немесе) ақша аударымы жіберілген, бастапқы ақша жөнелтушінің банктік шоты ашылған ел не ақша аударымын банктік шот ашпай жүргізген жағдайда ақша жөнелтуші ақша аударған ел) екі мәнді коды көрсетіледі.

11-бағанда төлем және (немесе) ақша аударымы жіберілген елдің (ақша аударылған, соңғы бенефициардың банктік шоты ашылған ел не ақша аударымын банктік шотты ашпай жүргізген жағдайда бенефициар ақша алған ел) екі мәнді коды көрсетіледі.

Елдің коды "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерін белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлім. Елдердің кодтары" 06 ИСО 3166.1-2013 ҚР ҰЖ Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуіне сәйкес көрсетіледі.

04, 06 және 08 төлем жүргізу ортасының белгілері бойынша 8 және 11 бағандарда KZ коды (төлемдер немесе ақша аударымдары Қазақстан Республикасының аумағында жүргізіледі) көрсетіледі.

05 төлем жүргізу ортасының белгісі бойынша:

ұйым жіберген төлемдер немесе ақша аударымдары және басқа да ұйымның ақшасын есептен шығарулар (01 төлем белгісі) бойынша 8-бағанда KZ коды көрсетіледі;

ұйым қабылдаған төлемдер немесе ақша аударымдары және басқа да ұйым ақшасының есептеулері (02 төлем белгісі) бойынша 11-бағанда KZ коды көрсетіледі;

9) 9-бағанда бенефициардың резиденттік белгісі көрсетіледі.

Ұйым жіберген төлемдер бойынша төлем жүргізу ортасының "04" және "05" белгілері бойынша соның негізінде төлем және (немесе) ақша аударымы жүзеге асырылатын құжаттарда бенефициардың резиденттігі туралы ақпарат болмаған жағдайда 9-баған толтырылмайды;

10) 10-бағанда бенефициар экономикасы секторының коды көрсетіледі.

Ұйым жіберген төлем және (немесе) ақша аударымы бойынша төлем жүргізу ортасының "04" және "05" белгілері бойынша соның негізінде төлем және (немесе) ақша аударымы жүзеге асырылатын құжаттарда бенефициар экономикасының секторы туралы ақпарат болмаған жағдайда 10-баған толтырылмайды;

11) 12-бағанда төлем белгілеу коды көрсетіледі. Ностро немесе лоро корреспонденттік шоты бойынша шет елден келіп түскен төлемді немесе ақша аударымын көрсеткен кезде 6, 7 және 12-бағандарды Нысанды беретін ұйым корреспондент банктің төлем құжаттарының және төлем немесе ақша аударымы үшін негіздеме болып табылатын өзге құжаттардың негізінде толтырады;

12) 13-бағанда есепті кезеңдегі төлемдердің және (немесе) ақша аударымдарының саны көрсетіледі. Бір төлемді немесе ақша аударымын көрсеткен кезде баған 1 мәнін қабылдайды. Жаңа төлемнің немесе ақша аударымының өлшемдері 1 – 12, 15 және 16-бағандардағы бұрыннан бар өлшемдермен сәйкес келген жағдайда, осы бағандағы мән 1-ге ұлғайтылады, ал 14-бағандағы мән жаңа төлемнің немесе ақша аударымының сомасына ұлғайтылады;

13) 14-бағанда төлемдердің және (немесе) ақша аударымдарының сомасы теңгемен, үтірден кейін екі белгіге дейін көрсетіледі;

14) 15-бағанда төлем валютасының үш мәнді коды көрсетіледі;

15) 16-бағанда жіберілген төлем немесе ақша аударымы бойынша осы түсіндірменің 8-тармағында көзделген төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру

тәсілдерінің мынадай белгілерінің бірі көрсетіледі: 01, 02, 03, 04, 05, 06, 07, 08, 09, 10, 12, 17, 18, 19.

Алынған төлем немесе ақша аударымы бойынша "20" белгісі көрсетіледі.

8. Төлемдері және ақша аударымдарын жүзеге асыру тәсілінің белгісі төлемдерін және ақша аударымдарын жүзеге асырудың мынадай қолданылған тәсілдеріне байланысты айқындалады:

01 – төлем тапсырмасын ұсыну (клиенттердің және қаржы ұйымының төлем тапсырмалары, сондай-ақ бағалы қағаздар үшін есеп айырысуды жүзеге асыру кезінде орталық депозитарий бастама жасаған төлем тапсырмалары орындалған жағдайда көрсетіледі);

02 – төлемдік талаптарды ұсыну;

03 – мемлекеттік кірістер органының бюджетке берешегі бар салық төлеушінің банктік шотына ұсынылған инкассолық өкімі;

04 – мемлекеттік кірістер органының дебитордың банктік шотына ұсынылған инкассолық өкімі;

06 – тауарлар немесе қызмет көрсету үшін чектерді, жол чектерін беру;

07 – мемлекеттік кірістер органының міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналы, міндетті кәсіптік жарналары бойынша берешегі бар агенттің банктік шотына ұсынылған инкассолық өкімі;

08 – төлем хабарламасын ұсыну;

09 – мемлекеттік кірістер органының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешегі бар төлеушінің банктік шотына ұсынылған инкассолық өкімі;

10 – атқару парақтарының негізінде инкассалық өкімді ұсыну;

12 – төлем ордерін ұсыну;

17 – пошталық ақша аударымы;

18 – банкоматтар арқылы салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу;

19 – төлемдері немесе ақша аударымдарын жүзеге асырудың өзге де тәсілдері.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2016 жылғы 31 тамыздағы
№ 213 Қаулысына
15-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Төлем ұйымдары жүзеге асыратын операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер

Ескерту. 15-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.07.2020 № 90 (01.08.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Әкімшілік деректер нысанының индексы: 1-РО

Кезеңділік: тоқсан сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы _____ үшін

Ұсынатын тұлғалар тобы: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде есептік тіркеуден өткен төлем ұйымдары

Ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей. Егер айдың оныншы күні демалыс немесе мереке күніне сәйкес келсе, есептілікті ұсыну мерзімі келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

Нысан

нысанды ұсынатын тұлғаның атауы

Көрсетілетін төлем қызметінің түрі	Төлем түрі	Нұсқауды қабылдау ортасы	Электрондық ақша жүйесінің немесе төлем карточкалары жүйесінің атауы	Электрондық ақша немесе төлем карточкасы эмитентінің атауы
1	2	3	4	5

кестенің жалғасы

Операциялар саны (бірлігі)	Операциялар сомасы (мың теңге)	Көрсетілетін төлем қызметі бойынша агенттер/қосалқы агенттер саны	Төлем агенттерінің/қосалқы агенттерінің жалпы саны
6	7	8	9

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық пошта _____

Орындаушы _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген тұлға

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

20 __ жылғы " ____ " _____

Төлем ұйымдары жүзеге асыратын операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер нысанына қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанның толтыру бойынша түсіндірме Төлем ұйымдары жүзеге асыратын операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер (индекс: 1-РО, кезеңділік тоқсан сайын) 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді жинауға арналған "Төлем ұйымдары жүзеге асыратын операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер" нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру жөніндегі бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабы екінші бөлігінің 52-5) тармақшасына және "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды әр тоқсан сайын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде есептік тіркеуден өткен төлем ұйымдары дайындайды және есепті кезеңнің соңында толтырады.

4. Нысанға бірінші басшы немесе немесе қол қоюға уәкілетті тұлға және орындаушы қол қояды.

5. Нысан теңгемен толтырылады. Егер операция шетел валютасымен жүргізілсе, ондағы мәліметтер операция жүргізілген күнгі валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша теңгемен қайта есептеліп ұсынылады.

2-тарау. Нысанды толтыруды түсіндіру

4. Нысан төлем ұйымдары жүзеге асыратын операциялар бойынша мәліметтерді қамтиды.

5. 1-бағанда көрсетілетін төлем қызметінің түрі көрсетіледі.

6. 2 және 3-бағандар төлемдер қабылданған және өңделген жағдайда, оның ішінде ақша жөнелтушінің банктік шотты ашпай төлемді жүзеге асыру үшін клиенттерден қолма-қол ақшаны қабылдау кезінде, электрондық ақшаны пайдалана отырып жасалатын төлемдерді клиенттерден қабылдау және өңдеу кезінде, электрондық нысандағы клиент бастамашы болған төлемдерді өңдеу (бұдан әрі - төлемдерді қабылдау) кезінде толтырылады.

2-бағанда төлемнің түрі көрсетіледі.

3-бағанда нұсқауды қабылдау ортасы көрсетіледі.

7. 4 және 5-бағандар электрондық ақша және төлем карточкалары өткізілген (таратылған) жағдайда толтырылады.

4-бағанда электрондық ақша жүйесінің немесе төлем карточкалары жүйесінің атауы көрсетіледі.

5-бағанда электрондық ақша немесе төлем карточкасы эмитентінің атауы көрсетіледі.

8. 6 және 7-бағандарда операциялар саны және сомасы көрсетіледі:

1) төлемдер қабылданған жағдайда қабылданған және өңделген төлемдердің саны және сомасы көрсетіледі;

2) төлем карточкалары өткізілген (таратылған) жағдайда 6-бағанда өткізілген (таратылған) төлем карточкаларының саны көрсетіледі, 7-бағанда өткізілген төлем карточкаларының сомасы көрсетіледі;

3) электрондық ақша өткізілген (таратылған) жағдайда 6-баған толтырылмайды, 7-бағанда өткізілген (таратылған) электрондық ақша сомасы көрсетіледі.

9. 8-бағанда көрсетілетін төлем қызметтерін көрсету бойынша агенттік шарттар жасаған төлем ұйымының төлем агенттерінің саны, "/" белгісі арқылы төлем агенттерімен көрсетілетін төлем қызметтерін көрсету бойынша агенттік шарттар жасаған төлем ұйымының қосалқы төлем агенттерінің саны көрсетіледі. Төлем ұйымы көрсетілетін төлем қызметтерін өз бетінше көрсеткен жағдайда, "0" белгісі көрсетіледі.

8-бағанды толтыру кезінде 1-бағанда көрсетілетін төлем қызметінің түрі көрсетіледі. 8-бағанда әрбір көрсетілетін төлем қызметі бойынша осындай қызмет көрсететін төлем агенттерінің және қосалқы агенттердің саны көрсетіледі. 1-бағанда "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 9) тармақшасында көзделген төлем қызметінің түрі көрсетілген жағдайда 8-бағанда "0" белгісі көрсетіледі.

10. 9-бағанда көрсетілетін төлем қызметтерін көрсету бойынша агенттік шарттар жасаған төлем ұйымының төлем агенттерінің саны, "/" белгісі арқылы төлем агенттерімен көрсетілетін төлем қызметтерін көрсету бойынша агенттік шарттар жасаған төлем ұйымының қосалқы төлем агенттерінің саны көрсетіледі.

Төлем ұйымының төлем агенттері мен қосалқы агенттерінің жалпы саны 1-жолдың 9-бағанында көрсетіледі, 9-бағандағы қалған жолдар толтырылмайды.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2016 жылғы 31 тамыздағы
№ 213 Қаулысына
16-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бағытында қабылданған шаралар бойынша мәліметтер

Ескерту. 16-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.07.2020 № 90 (01.08.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Әкімшілік деректер нысанының индексы: 2-РО

Кезеңділік: жарты жыл сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы _____ үшін

Ұсынатын тұлғалар тобы: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде есептік тіркеуден өткен төлем ұйымдары

Ұсыну мерзімі: жарты жыл сайын, есепті жарты жылдықтан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей. Егер айдың оныншы күні демалыс немесе мереке күніне сәйкес келсе, есептілікті ұсыну мерзімі келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

Нысан

нысанды ұсынатын тұлғаның атауы

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылға бағытталған шаралар	Саны	Күні (кк.аа.жжжж.)	Күдікті операциялар белгілерінің коды
1	2	3	4

кестенің жалғасы

Операцияны жүргізуден бас тарту негізі	Қаржы мониторингі бойынша уәкілетті органның шешімі	Төлем қызметінің түрі	Төлем түрі
5	6	7	8

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық пошта _____

Орындаушы _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген тұлға

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

20__ жылғы "____" _____

Электрондық пошта _____

Орындаушы _____

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді

қаржыландыруға қарсы
іс-қимыл бағытында
қабылданған шаралар бойынша
мәліметтер нысанына
қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бағытында қабылданған шаралар бойынша мәліметтер (индекс: 2-РО, кезеңділік жарты жыл сайын) 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі - Түсіндірме) әкімшілік деректерді жинауға арналған " Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бағытында қабылданған шаралар бойынша мәліметтер" нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру жөніндегі бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабы екінші бөлігінің 52-5) тармақшасына және "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды әр жартыжылдық сайын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде есептік тіркеуден өткен төлем ұйымдары дайындайды және есепті жартыжылдық үшін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл (бұдан әрі - ҚЖТҚҚ) бағытында қабылданған шаралар бойынша толтырады.

Есепті жартыжылдық үшін ҚЖТҚҚ бағытында қабылданған шаралар болмаған жағдайда нысан толтырылмаған бағандармен ұсынылады.

4. Нысанға бірінші басшы немесе немесе қол қоюға уәкілетті тұлға және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыруды түсіндіру

5. Нысанда төлем ұйымының ҚЖТҚҚ бағытында қабылданған шаралар бойынша мәліметтер қамтылған.

6. 1-бағанда ҚЖТҚҚ бағытындағы мына шаралар көрсетіледі:

1) күдікті операцияларды анықтау және қаржы мониторингі бойынша уәкілетті органға олар бойынша хабарлама жолдау;

2) клиенттердің операцияларын жүргізуден бас тарту туралы шешім қабылдау;

3) ұйымдардың қызметтерінің (өнімдерінің) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдеріне ұшырау дәрежесіне баға беру;

4) қызметкерлерді ҚЖТҚК мәселелері бойынша дайындау және оқыту.

7. Түсіндірменің 6-тармағының 1) тармақшасында көзделген шара туралы мәліметтерді толтырған кезде:

1) 2-бағанда күдікті операциялардың саны көрсетіледі;

2-бағанда басқа толтырылған бағандардағы параметрлердің сәйкестігін ескере отырып, деректерді сан белгісі бойынша топтастыру жүзеге асырылады.

2) 3-бағанда күдікті операция жүргізілген күні көрсетіледі;

3) 4-бағанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 қарашадағы № 1484 қаулысымен бекітілген күдікті операцияны айқындау белгілеріне сәйкес күдікті операция белгісінің коды көрсетіледі;

4) 5-баған толтырылмайды;

5) 6-бағанда қаржы мониторингі бойынша уәкілетті органның жолдаған хабарламаны қарау нәтижесі бойынша қаржы мониторингі жөніндегі шешімі көрсетіледі;

Қаржы мониторингі бойынша уәкілетті орган қаржы мониторингі жөніндегі шешімді ұсынбаған жағдайда баған толтырылмайды.

6) 7-бағанда қызмет көрсету шеңберінде күдікті операция анықталған төлем қызметінің түрі көрсетіледі;

7) 8-бағанда қызмет көрсету шеңберінде күдікті операция анықталған төлем түрі көрсетіледі.

8. Түсіндірменің 6-тармағының 2) тармақшасында көзделген шара туралы мәліметтерді толтырған кезде:

1) 2-бағанда клиенттердің операцияларын жүргізуден бас тарту туралы қабылданған шешім саны көрсетіледі;

2-бағанда басқа толтырылған бағандардағы параметрлердің сәйкестігін ескере отырып, деректерді сан белгісі бойынша топтастыру жүзеге асырылады.

2) 3-бағанда клиенттердің операцияларын жүргізуден бас тарту туралы шешім қабылданған күні көрсетіледі;

3) 4-баған толтырылмайды;

4) 5-бағанда клиенттердің операцияларын жүргізуден бас тарту туралы қабылданған шешімнің негізі көрсетіледі;

5) 6-баған толтырылмайды;

6) 7-бағанда қызмет көрсету шеңберінде клиенттердің операцияларын жүргізуден бас тарту туралы шешім қабылданған төлем қызметінің түрі көрсетіледі;

7) 8-бағанда қызмет көрсету шеңберінде клиенттердің операцияларын жүргізуден бас тарту туралы шешім қабылданған төлем түрі көрсетіледі.

9. Түсіндірменің 6-тармағының 3) тармақшасында көзделген шара туралы мәліметтерді толтырған кезде:

1) 2-баған толтырылмайды;

2) 3-бағанда қызметтерінің (өнімдерінің) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдеріне ұшырау дәрежесіне жүргізілген жыл сайынғы бағалау нәтижесі бойынша төлем ұйымымен ресімделген құжаттың нөмірі (бар болса) және күні көрсетіледі;

3) 4, 5 және 6-бағандар толтырылмайды;

4) 7-бағанда жүргізілген бағалау нәтижесі бойынша қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдеріне ұшырау дәрежесі жоғары төлем қызметінің түрі көрсетіледі;

5) 8-бағанда жүргізілген бағалау нәтижесі бойынша қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдеріне ұшырау дәрежесі жоғары төлем түрі көрсетіледі.

10. Түсіндірменің 6-тармағының 4) тармақшасында көзделген шара туралы мәліметтерді толтырған кезде:

1) 2-бағанда есепті кезеңде төлем ұйымының оқытудан өткен қызметкерлер саны көрсетіледі;

2) 3-бағанда есепті кезеңде соңғы оқыту аяқталған күні көрсетіледі;

3) 4, 5, 6, 7 және 8-бағандар толтырылмайды.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қағидаларды 17-қосымшамен толықтыру көзделген – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.02.2025 № 6 (01.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қағидаларды 18-қосымшамен толықтыру көзделген – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.02.2025 № 6 (01.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қағидаларды 19-қосымшамен толықтыру көзделген – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.02.2025 № 6 (01.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2016 жылғы 31 тамыздағы
№ 213 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының күші жойылды деп танылатын кейбір қаулыларының тізбесі

1. "Электрондық терминалдар мен қашықтан кіру жүйелері, сондай-ақ электрондық ақшаны пайдалану арқылы жүзеге асырылған ақша төлемдері мен аударымдары бойынша мәліметтерді ұсыну ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2010 жылғы 29 наурыздағы № 16 қаулысы (Нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6217 тіркелген, 2010 жылғы 19 қазанда "Егемен Қазақстан" газетінде № 429-432 (26275) жарияланған).

2. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Электрондық терминалдар мен қашықтан кіру жүйелері арқылы жүзеге асырылған ақша төлемдері мен аударымдары бойынша мәліметтерді ұсыну ережесін бекіту жөнінде" 2010 жылғы 29 наурыздағы № 16 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 268 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7959 тіркелген, 2012 жылғы 8 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" газетінде № 809-814 (27885) жарияланған).

3. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Электрондық терминалдар мен қашықтан кіру жүйелері, сондай-ақ электрондық ақшаны пайдалану арқылы жүзеге асырылған ақша төлемдері мен аударымдары бойынша мәліметтерді ұсыну ережесін бекіту туралы" 2010 жылғы 29 наурыздағы № 16 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 11 шілдедегі № 105 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9702 тіркелген, 2014 жылғы 22 қазанда "Заң газеті" газетінде № 159 (2553) жарияланған).